

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫң БЛІМ БАСҚАРМАСЫ,
ЖШС «НиязбекСтройСервис» және МАҢҒЫСТАУ ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ
АРАСЫНДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БЛІМДІ КАДРЛАРДЫ
ДАЯРЛАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҮНТҮМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ
МЕМОРАНДУМ

ЖШС «НиязбекСтройСервис » басшысы Ниязбек Бақытбек және «Маңғыстау техникалық колледжі »МКҚК басшысы м.а .Шанкенова Балжақсы Галимовна тұлғасында (бұдан әрі - « Оку орны ») Тараптар деп аталушылар, техникалық және кәсіптік білімді кадрларды даярлау саласындағы үнтымақтастық туралы осы Келісімге қол қойды.

Осы Келісім Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 бүйрекінде сәйкес техникалық және кәсіптік білім жүйесі қызметінің нәтижесін арттыру, кадрларды даярлау деңгейін аймақтық әлеуметтік-экономикалық дамуы мен жұмыс беруші мекемелердің қажеттілігіне сәйкестендіру кәсіптік оқытудың өндіріспен байланысын нығайту мақсатында осы меморандум жасақталды.

I. Үнтымақтастықтың негізгі бағыттары

1. Осы Келісімнің Тараптары келісімнің шарттарын мұлтіксіз сақтайтын, бір - бірінің мүдделерін қадірлейтін, жан – жақты өзара қарым – қатынастың нығаюына ықпал жасайтын болады.

2. Өзара қажеттіліктер мен мүдделерді ескере отырып, тен құқықтық қағидаларының негізінде Маңғыстау облысының кәсіпорындары үшін мамандарды мақсатты даярлау саласында үнтымақтастықты дамыту.

3. Инженер – педагогикалық қызметкерлер мен оқушы жастардың мүдделеріне тиісті Келісімге енгізілген және басқа да әлеуметтік экономикалық проблемалар бойынша қабылданатын шешімдер, нормативтік құқықтық актілер туралы бір – бірін ресми хабардар ету.

4. Келісімге енгізілмеген, бірақ өзара мүддені білдіретін барлық деңгейдегі мәселелерді қарастыру Тараптар өкілдерінің қатысуына мүмкіндікті өзара қамтамасыз ету.

5. Кадрлар даярлау, қайта даярлау және осы Келісімнің орындалуы – бойынша әлеуметтік үнтымақтастық тәжірибелері туралы материалдарды Тараптардың ресми сайттарында орналастыру.

Тараптар міндеттенеді:

Білім басқармасы:

6. Біліктілік арттыру және кадрларды қайта даярлау институты базасында белгіленген мерзімде инженер – педагог кадрлардың кәсіптік даярлығын, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету.

7. Техникалық және кәсіптік жүйенің тартымдылығын, беделін, бейнесін көтерудің ақпараттық – түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
8. Бітірушілер туралы мәліметті, оның ішінде мәліметтің электрондық базасын өндіру арқылы өндіріс мекемелеріне хабарлау.
9. « Оқу орны » үйымдарына кәсіби мамандарды дайындауға ықпал ету.

ЖШС« НиязбекСтройСервис» :

10. Дуальды оқыту жүйесінің элементтерін енгізу жұмысын үйымдастыру мен өткізу. Біліктілік талаптарды дайындауға, кәсіптік стандарттарға, өзгеретін модульдік бағдарлама, өндіріс талабы келісімімен, оқу бағдарламасын дайындауға қатысу.
11. Өндірістік мүмкіндік болғанда, компанияның қызметіне нұқсан келмейтін жағдайда және алдын ала келісілген мерзімде компания мамандарын оқу орнының оқу - өндірістік процесіне тарту.
12. Кадрларды дайындау мемлекеттік тапсырмасын қалыптастыруға қатысу.
13. Оқу орындарында оқитын оқушылардың практикалық окудан және өндірістік және диплом алды практикадан өтуіне жағдай жасап өндірісте орын дайындау.
14. Оқу орнының « өте жақсы » бітірген мамандарын « Жұмыс беруші » кәсіпорындарында бос жұмыс орны болған жағдайда және маман сол талапқа сай болғанда жұмысқа орналастыру.
15. « Өте жақсы » оқитын оқушыларға атаулы шәкіртақы беруде әлеуметтік серікtestіk ретінде шығу.
16. Компанияның тиісті қаржы қорының мөлшерінде « Оқу орнына » оқыту мен дайындаудың сапасын арттыруға қажетті оқу, материалды - техникалық базаны нығайтуға, жөндеуге және тауарлы материалдық құндылықтарды алуға көмек көрсету.
17. « Оқу орны » арнаулы пән мұғалімдерін және өндірістік оқу шеберлерін « Жұмыс беруші » кәсіпорындарында тәжірибеден өтуге мүмкіншілік беру, өндірістік мүмкіндік болғанда, компанияның қызметіне нұқсан келмейтін жағдайда және алдын ала келісілген мерзімде.
18. « Оқу орны » оқушыларын келісім тақырыптары бойынша ғылыми зерттеулерді орындауға, жаңалықтарды ойлап табу және зерттеу жұмысын орындауға тарту.

« Манғыстау техникалық колледжі »МКҚК

19. Техникалық және кәсіптік білім берудегі жаңа мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жасау үшін әрекет үстіндегісін дамыту және ұсыныстарды енгізу, оқу жоспарлары мен бағдарламаларды, халықаралық

сарапшыларды жеке жұмыс берушілер қатысуымен техникалық және күтім көрсету еңбегі мамандықтар біліктілігіне талаптар бойынша.

20. Жоғарғы оку орындарына білімін жалғастыру үшін техникалық және кәсіптік білім алған тұлектеріне қысқартылған мерзімде оку бағдарламасын құру.

21. Оқытушыларға және өндірістік оку шеберлерінің біліктілігін арттыру үшін қайта даярлау курсынан өтуге қамтамасыз ету, соның ішінде шетелде, еңбек наркының талаптарына сәйкес .

22. Кәсіпорындарды жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету.

II. Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, қолданылу мерзімі

23. Тараптардың өзара келісулері бойынша осы Келісімнің біртұтас бөлігі болып табылатын және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоятын хаттамалар жүргізілуі арқылы жазбаша рәсімделетін Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

24. Осы Келісім оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді, Тараптардың біреуі оның қолданылуын тоқтату туралы ниетін жазбаша хабарлама арқылы басқа Тарапқа жолдаған сәтке дейін қолданылады.

25. Ынтымақтастықтың әр бағыты бойынша Тараптардың міндеттерін жүзеге асыру қосымша жасалатын келісім шарттармен және келісімдермен анықталып, айқындалады.

26. Осы Келісімді қолдануға және түсінуге қатысты тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер өзара ақылдасу және кенесу арқылы шешілетін болады.

Осы Келісімге әрқайсысы бірдей зандық күшке үш данадан: мемлекеттік тілде, орыс тілінде қол қойылды.

ЖШС « НиязбекСтройСервис»



« Манғыстау техникалық колледжі »МККК



Б.Шанкенова
2022г